

12 сәуір,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

СУ – ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ ЖӘНЕ ТІЛСІЗ ЖАУ!

ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДАРЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТІҢ БЕТІНЕН БІР ҒАЛЫМНЫҢ «КЕЛЕСІ ҒАСЫР – СУ ҒАСЫРЫ» БОЛАДЫ ДЕГЕН СӨЗІН КӨЗІМ ШАЛҒАН ЕДІ. СОЛ УАҚЫТТА ОЛ СӨЗГЕ БІРІНШІДЕН ЖАСТЫҚПЕН, ЕКІНШІДЕН БІЗДІҢ АУДАНДА ОНДАЙ МӘСЕЛЕ БОЛМАҒАН СОҢ, МӘН БЕРМЕГЕНІМ РАС. ӨКІНІШКЕ ОРАЙ ЖЫЛ ӨТКЕН САЙЫН СОЛ ҒАЛЫМНЫҢ СӨЗІ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛЫП КЕЛЕ ЖАТЫР ЕДІ...



Соңғы үш жылда өңірдегі ылғалдың мөлшерінің мүлдем азайып кетуінен өзен-көлдердің тартылып, суалып қалуы ойылдың да географиялық ұғымдағы нағыз шөлейт аймаққа айналып бара жатқандығын дәлелдей түскендей. «Өзегін жалғау» үшін өзеннің жағасын таба алмай, аңғарына қарап аңтарылып қалған ойылдың төменгі жағындағы жұрт дабыл қақты. Бірнеше рет өзен бойын жағалап экспедиция ұйымдастырды. Былайы уақытта ағысы баяу көлбей ағатын өзендердің қатарына жататын ойылдың бойындағы бөгеттерді бұздыру туралы бастама көтерді. Әркім өз үежін алға тартты. Үкімет тарапынан зерделену жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тіпті, тіршілігі үшін өзен бойын жағалай қоныстанған шаруаларды кінәлап, судың тартылуына сеп болып отыр дегендер де табылды.

Міне, аз күнгі «бейнеттің зейнеті» - деген осы. Отыз жылдан кейін бір кездері балығы «стайдай тулаған» асау ойыл арнасынан асып, кенезесі кеуіп өрні кезерген елді тағы елең еткізді. Алдымен өдеттегі жылдардағыдай маңайдағы сапалары құйып, арнасын толтырса, ойылдың жоғарғы жақтары сапаларының ішіндегі бір ғана Баба-тайдың бұрықанып, аласұрған арнасын көріп, көп судың келе жатқанын сөздік. Оның үстіне бұрынғы қиылып сұрағанда бермейтін Қиылды да қоя берді. Бұл табиғат-анаға ешкімнің өмірі жүрмейтінін куәсі. Өлеуметтік желі де жыл бойы жыр қылған бөгеттер бұзылмай-ақ, араға бірнеше жыл салып қайталанып отыратын құбылыс биыл орын алды. Бөлкім, табиги құбылыстың арасы ұзаққырап кеткен шығар... Өзенмен бірге үзіле бастаған

үмітті жалғаған ердің суы ойылдың соңғы жылдарғы экологиялық ахуалын салалары бөбелгендіктен деген шешімін де қате ұғым екенін көрсетіп отыр.

Әрине, отыз жылдан кейін келген суға ойылдықтардың қуанышы да шексіз. Көптегіліктер мен ақшатаулықтар да азды күн қатынассыз қалғанына налып отырған жоқ. Бірақ, судың «тілсіз жау» екенін ұмытпауымыз керек! Алдымен ешқандай безбенмен өлшенбейтін адам өмірі мен қолымызда бар мүлкімізді қорғап, жоғарыдағы кісінің де сақтанғанға сеп болатынын ескеріп, етек-жеңіміді жинақтап, бейқамдықтан ада болғанымыз абзал! Сондай-ақ, өнебір мысалдағыдай «Аққу, шортан, һем шаян» болып, жел сөзбен бір-бірімізді өбігерге салып, өрлі-берлі тартпай, адамның игілігі үшін жіберген Алланың ырыздығын ынсаппен пайдалана білсек, көні!

Бет қатталып жатқанда: Ағын судың арыны азайып, деңгейі түсіп, алғаш сөйледі. Қауіптің алдын-алу үшін уақытыша көшірілген Екпетап ауылының тұрғындары үйлеріне қайтты.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ.

ОЙЫЛ АРНАСЫНАН АСТЫ, АХУАЛ ТОЛЫҚ БАҚЫЛАУДА БОЛДЫ!



Өткен аптада ауданымызға Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты Ғалымжан Елеуов, Аманғали Бердалиев және Ақтөбе облыстық мәслихат депутаты, кәсіпкер жерлесіміз Талғат Салфилов пен «AMANAT» партиясы, Ақтөбе облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ербол Данағұлов арнайы келді. Онда алдымен Саралжын ауылдық округінде болып, округ аумағындағы Орта-Қыыл-Тассай су жүйесін бақылады. Қазіргі таңда округ бойынша 5600 гектар лиманды жерге су шығып отыр. Былтырғы жылы жөндеуден

өткен су жүйелері қазір тасқын суды ұстауға өбден жарап тұр. Аталған топ өкілдері өрі қарай ойыл ауылдық округіне қарасты Екпетап елді мекенінің су тасқынына қарсы атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Осыдан бір күн бұрын өзеннің тасу деңгейін зерттеп, жергілікті билік өкілдері ахуалды толық бақылауға алған болатын. Сонымен қатар төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында Екпетап елді мекені аумағындағы малдарды шығарып, ауыл тұрғындарын эвакуациялады. Айта кетсек, Екпетап суға кету

қауіпі бар елді мекендердің алдыңғы легінде болғанымен өзінде тасқын суды ауыздықтап отыр. Бұл жөнінде аудан әкімі Асқар Қазыбаев жан-жақты мәлімет берді.

Одан кейін Ш.Берсиев ауылдық округінің орталығы Қаратал ауылында болып, лиманды алқаптарға су шығару, өзеннің көршілес Атырау облысы, Қызылқоға ауданына қарай шығатын бағытын тиянақты қарап шықты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Саралжын-
Екпетап-Берсиев-Ойыл.

СУ «СЫНАДЫ», БІРЛІК БЕРЕКЕГЕ БАСТАДЫ!

29 жылда аңғасы кепкен Ойыл өзенінің аңғарына су толды... «Су байлық — алты айлық, қар байлық — үш айлық» демекші, көктемде тасыған су көлдерге шығып, далама ырыс екеп құйып жатыр. Ораза айында қыраттар мен бөктерлер ғұсыл алғандай тазарынып, түлеп шыға келді. «Алпыс күн тасыған су, алты күнде қайтар» десе де, алдын алмаса нөпір судың да қатері бар екенін қаперімізден шығармауымыз керек! Осы орайда аудан басшылығы төтенше жағдайдың алдын алу шараларын ұйымдастырып, ерікті жасақшылар тобын құрып, осал тұстарға күш жұмылдыруда. Қуатты техникалар тартылып, инертті материалдар тасылып жол жиектері бекітілді. Осал тұстың бірі Ойыл ауылдық округіне қарасты Екпетап ауылы. Ауыл іргесіндегі көтерме дамба қайта

қалпына келтіріліп, ауыл тұрғындарын ішінара эвакуация жасады. Онда қарттар мен әйелдер, жас балалар және мүгедектер аудан орталығында орналасқан эвакуациялық орталықтарға жеткізіліп, қауіпсіздік шаралары қабылданды. Сөурдің 7-сі күні аудандық мәслихат хатшысы С. Займолин екеуміз аудандық жасөспірімдер мен балалар спорт мектебінде жайғасқан 16 Екпетап ауылының тұрғынымен жүздесіп, жағдайларын біліп қайттық.

Уақытша тұрғындардың көңіл күйлері жаман емес. Тек ауылда қалған үйлері мен мал-жандарына алаңдаулы. Аудан өкімдігі тарапынан мезгілімен тамақтандыру ұйымдастырылып, бар жағдайлары жасалынып. Осы барысымызда «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалы атынан қосымша азық-түлік жеткізіп, өтініш-

тері мен бұйымтайларына құлақ түрдік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, су басу қатерін ауыздықтауда күн-түнімен санаспай қолғабыс қып жатқан ауыл тұрғындарынан құралған ерікті жасақшыларға ризашылық білдіреміз.

P.S. 29 жыл «су жоқ» деп бай-балам салған халықтың кейбір өкілдері өнді «су көп» деп даурығып қалып жатырмыз.

Бабымыз қашан табылар өкені? «Сабыр түбі - сары алтын» деп, сабырға ат оздырайық, ағайын.

Тек ел аман, жұртымыз тыныш болсын!

Еркін ЖИЕНАЛИН,
«AMANAT» партиясы
Ойыл аудандық филиалы
атқарушы хатшысы.

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР БИЫЛ ДА ӨЗ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

ӨТКЕН ӨРСЕНБІДЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ. АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БАСШЫСЫ ЕРБОЛ ТІЛЕПОВ ЖӘНЕ БІРҚАТАР МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ БАСТАҒАН ТОП АЛДЫМЕН ҚАЙЫНДЫ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ КӨСЕМБАЙ АУЫЛЫНДА БОЛДЫ. МҮНДА ЕҢ АЛДЫМЕН АУДАН БАСШЫСЫ АУЫЛАР АЛҚАЛЫҚ ЖОЛДАР МЕН ГАЗ ҚҰБЫРЫН ТАРТУ СИЯҚТЫ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР БИЫЛ ДА ҮЛКЕН КӨЛЕМДЕ АТҚАРЫЛҒАЛЫ ОТЫРҒАНДЫҒЫН МӘЛІМ ЕТТІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНАН ҮЙЛЕРДІҢ СЫРТҚЫ ҚАСБЕТІН ӨКТЕУ, СЫРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА БАСА МӘН БЕРІП, ТҰРҒЫНДАРДЫ ТАЗАЛЫҚТЫ САҚТАУҒА ШАҚЫРЫП, ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕКТІГІН БАСА АЙТТЫ.



Кездесуге қатысқан бірқатар ауыл тұрғындары жеке сауалдарын қойса, енді бірі ауылға қатысты қордаланып қалған түйкілі мәселелерді көтерді. Тарқатып айтсақ, ауыл тұрғындары атынан алғашқы болып сөз алған Бақытжан Сатыбалдин шаруа қожалықтары ауылға тым жақын орналасқан деп санайды. Соның салдарынан жеке тұрғындардың малының өрісін шаруашылықтардың жылқысы тапап жатқандығын айтып, жер көлемін ұлғайтып беруге ұсыныс білдірді. Жерге қатысты сауалдарға жергілікті билік өкілдері тарапынан алдағы уақытта зерттеліп, зерделеніп, заңды тұрғыда шешімін табатындығы айтылды.

Кездесу түстен кейін округ орталығында жалғасты. Мұнда Дархан Өтегенов ауылға қатысты бірқатар мәселелерді көтерді, алдымен электр

қуатының ауылдың кейбір бөлігінде төмендігі туралы сөз қозғайды. Қысқы отынның сапасына мән беріп, ауылға балалар ойын алаңы салына деген ұсыныс-тілегін айтты. Одан кейін қозғаған басты мәселелері көгілдір отын мен ұялы байланыс. Сондай-ақ, бұралқы иттердің қаптап кеткеніне де назар аударуды сұрайды. Оған жауап берген Ақтөбе облысы ветеринариялық басқармасы Ойыл аудандық филиалы бас маманы Арсланбек Алдияров бұралқы иттерді ұстау-бау, аулау тәртіптерін түсіндірді. Ал көгілдір отын көп қаражатты қажет ететіндіктен, сондай-ақ елді мекендерді көгілдір отынмен қамту мәселесі кезең-кезең бойынша сарапталып шешімін табатындықтан, алдағы жылдардың еншісінде қалды.

Аудан әкімі Асқар Қазыбаев Қайынды да тұрғындардан түскен сауалдар,

көтерілген мәселелер ескерусіз қалмайтынын айтып, алдағы уақытта ауылдарды көркейту жұмыстары жалғасын табатынына күмен келтірмеу керектігін жеткізді. Оған қоса қос ауылдың тұрғындарын шағын және орта бизнеспен айналысуға шақырды. Мемлекеттің қолдауын пайдаланып, жеңілдетілген несиелер алып, гранттарға қатысып түрлі кәсіп көздерін ашу қажеттігін баса айтты.

Тұрғындардың сауалына толық жауаптар берілген соң, аудан әкімі мен мекеме басшылары азаматтарға жеке қабылдау өткізді.

P.S
Жиыннан кейін аудан әкімі ауылдарды өлеуметтік нысандарды аралап, жай-күйімен танысты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Көсембай-Ақжар-Ойыл.

ҚАРАОЙДАҒЫ КЕЗДЕСУ КҮРЕ ЖОЛДЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ АЙТЫЛДЫ

2019 ЖЫЛДАН БЕРІ ӨЛЕМ ЕЛДЕРІН ӨБІГЕРГЕ САЛЫП, АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАУІП ТӨНДІРІП, АЖАЛ ҚҰШТЫҒЫН САЛДЫ. ІНДЕТТІҢ АЛДЫН АЛУ, САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ КӨПТЕП ЖҮРГІЗІЛІП, ШЕКТЕУЛЕР ҚОЙЫЛДЫ. СОНЫҢ САЛДАРЫНАН БҰҚАРА МЕН БИЛІКТІ АРАСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР СЕЙІЛІП, БАРЛЫҚ ШАРАЛАР ОНЛАЙН ФОРМАТТА ӨТКІЗІЛДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА АУРУДЫҢ БЕТІ ҚАЙТЫП, БИЛІК ПЕН БҰҚАРАНЫҢ АРАСЫ ҚАЙТА ЖАЛҒАНЫ. ЖЕРГІЛІК БИЛІК ӨКІЛДЕРІ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІМЕН, МҰҢ-МҰҚТАЖДЫҚТАРЫН ТЫҢДАП КЕЛЕДІ. ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ОЙ-ПІКІРІМЕН САНАСҚАН АТҚАМІНЕРЛЕР АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ЖАЙЫНДА ЕСЕП БЕРУ ҮСТІНДЕ.

Осы орайда өткен жұмада Қараойға арнайы іс-сапармен шыққан аудан әкімі Асқар Қазыбаев алдымен аталған округке қарасты Құбасай елді мекенінде болып, ауыл тұрғындарымен кездесті. Тұрғындармен кездесу жиынына аудан прокуроры Нұрлыбек Жолалаев пен бірқатар мекеме басшылары қатынасты. Кездесу барысында малдың күтімі, ауылдың тазалығы сынды мәселелер қозғалды. Қараойда жол мәселесі қиындық тудырып тұр. Бұл мәселе жөнінде аудан әкімі қазіргі таңда жолды

дарының жеке малдарын күтудің, бағылмауына байланысты жеріне мал түсетіндігін жеткізді. Бұл мәселені шешу үшін жеке тұрғындардың малдарына күту ұйымдастыруға село өкіміне тапсырма берілді. Қараойда ауыл тұрғыны Бекбергел Ұзақбаев «Мектептің көмірі жылда жылыту маусымының соңына дейін жетпейді, ал, жетпесін іргелес жатқан Сарбие ауылдық округінен аламыз», - деп



жасауға қаржысы бөлініп жатқанынан хабардар етті. Өз кезегінде тұрғындар тарапынан бірнеше сауалдар қойылып, барлығына толыққанды жауап берілді. Қараойда қауіпсіздік шараларын сақтау, адам өмірі маңызды екенін түсіндіріп, бірлесіп жұмыс жасауға және жеке тұрғындардың малдарын бағуды ұйымдастыру керектігін баса айтты. Сондай-ақ, тазалық айлығына ауызбірлікпен атсалысуға шақырды. Құбасайда «Батыр» шаруа қожалығының төрағасы Жарас Батыров ауыл тұрғын-

соның себебін сұрады. Қойылған сауалға жауап берген Қараой мектеп балабақшасының директоры Абзал Майқанов ауа райының салқын-дауына байланысты көбірек жағып тұрмыз дейді.

Кездесу жиынының соңында аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудан прокуроры Нұрлыбек Жолалаев жеке қабылдау өткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Құбасай-
Қараой-Ойыл.

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» ЖЕКЕ КҮЗЛІКТЕРДІ ДЕР КЕЗІНДЕ АУЫСТЫРУ ҚАЖЕТТІГІН ЕСКЕРТЕДІ

«Азаматтарға арналған үкімет» қазақстандықтарға құжаттың жарамдылық мерзімін аяқталуын күтпей-ақ, жеке куәлікті ертерек ауыстыруға кеңес береді.

стандықтарға 16 жастан бастап берілетінін атап өтті. Алғашқы құжатты алу үшін жасөспірім ата-анасының бірімен ХҚО-ға жүгінуі керек. Өтініш беру үшін туу туралы куәлік, төлқұжат (бар болса) және мемлекеттік баж салығының төленгені туралы түбіртек тапсыру қажет.

«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» НАПОМИНАЕТ О СВОЕВРЕМЕННОЙ ЗАМЕНЕ УДОСТОВЕРЕНИЙ ЛИЧНОСТИ

«Правительство для граждан» рекомендует казахстанцам чаще «заглядывать» в документы и менять удостоверение личности, не дожидаясь истечения срока его действия.

первым документом в ЦОН подростку необходимо обратиться вместе с одним из родителей. При оформлении иметь при себе свидетельство о рождении, паспорт (при его наличии) и оплатить госпошлину.

ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІ АТА-АНА БАЛАСЫНА «КІТАП ОҚЫ» ДЕП АЙТА АЛА МА?

БІЛІМ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ ОСЫДАН ЕКІ ЖЫЛ БҮРЫН БАЛАЛАРДЫ КІТАП ОҚУҒА БАУЛУ ЖӨНІНДЕ АЙТЫП, «ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ PISA ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ОҚУШЫЛАРЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫНТАМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРІНДЕГІ ӨЗ ҚАТАРЛАСТАРЫНАН ЕДӘУІР АРТТА ҚАЛЫП ОТЫРҒАНЫН» ЖАЗДЫ.



Министр халықаралық сарапшылардың зерттеулеріне сүйеніп, жас ұрпақтың кітап оқуға құштарлығы үлкен жетістікке жетелейтінін де сөз етті. Аймағамбетовтің бұл айтақандары аспаннан алынған дүние емесі баршаға аян. Білімнің бастауы кітап құмарлықтан екенін екінші бірі біледі. Алайда соңғы уақытта кітаптан гөрі, қолындағы телефонға үңілуді жөн көретін бала көбейіп жатқаны да шындық.

Проблема тек кітаптардың қазақ тіліне аударылмағанында ғана емес. Ең алдымен қолдағы бар кітапты оқуға білім шамасы жететін оқушы бар ма? Келесі мәселе, өрине қазіргі өдебиетіміздің кенжелеп қалған мәселесі. Баланы баурап аларлық қызықты шығармалар бар ма қазір? Жалпы, балаларымыз кітап оқу туралы ұсынысқа қалай қарайды? Бұл жолы бізбен пікірлескен мектеп жасындағы балалар болды.

ПАРА БЕРУ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫНАН АЙЫРАДЫ

БҮГІНГІ ТАҢДА ҚОҒАМДА ПАРАНЫ АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ БЕРУ ЖАИЕ КЕЗДЕСІП ЖАТЫР. БҮЛ ХАЛЫҚТЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМ-ҚОРЛЫҚТЫ ҚАБЫЛДАУ ДЕҢ-ГЕЙІНҒІ ЖОҒАРЫЛЫҒЫН КӨР-СЕТЕДІ.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған дерттің бірі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заң талабаның аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Осыған орай қоғам арасында жемқорлықты жою және алдын алу мақсатында мемлекет тарапынан көптеген шаралар жүргізіліп жатыр. Соның бірі жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру бойынша департамент жанынан құрылған мобильдік топ жұмыс істеуде.

Қазіргі уақытта Ойыл аудандық аумақтық инспекция қызметкерлерінің арасында қоғам арасында жемқорлықты жою және алдын алу мақсатында шаралар ұйымдастырылып, екі мәрте жиналыс және бір дөңгелек үстел өткізілді.

Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

дасы Әлихан ЕСІМБЕК. «Анам өзінің бала күнінде оқыған кітаптары туралы көп айтады. Н.Носовтың «Дымбилмесі», Э.Успенскийдің «Қолтырауын Гена» сияқты кітаптарын өлі күнге дейін есінде жақсы сақтаған екен.

Кітап оқуды өте жақсы көремін. Мектеп кітапханасында көбіне оқулықтар мен орысша кітаптар ғана бар. Дәл қазірге дейін ұнатқан кітаптарымды электронды кітапшаға жүктеп оқып жүрмін. Бірақ барлығы орыс және ағылшын тілінде. Қазақша үш кітап оқыдым.

1 - Қарт кісілердің жастарға беттерін сипап, берген «батасын» теріске шығарады. 2 - Келіннің күйеуінің ата-анасына иіліп сәлем бергенін теріске шығару, бұл олардың пікірінше Алладан басқа тағы да біреуге табыну болып табылады.

«Көркем өдебиеттің балалар үшін қолжетімді болуы үшін министрлік арнайы жоба әзірледі. Жоба аясында білім беру ұйымдарына қарасты кітапханалардың материалдық-техникалық және ақпараттық базасын жақсарту, балаларға арналған көркем өдебиетті жыл сайын сатып алуды жүзеге асыру бойынша шаралар қабылданып болады.

ЕСКЕРСЕҢ – ҚОРҒАЛАСЫҢ! ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ӨЗ БЕТІНШЕ ИЕЛЕНУ

Жер учаскесін өз бетінше иеленіп алу- жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының рұқсатынсыз бөтен жер учаскесін иелену, сондай-ақ мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскесін жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз иелену-жер заңнамасы саласындағы бұзушылықтар түрлерінің бірі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 136-бабына сәйкес (жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу), мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алу немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жанама нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сондай-ақ уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақытылы қайтармау-жеке тұлғаларға –жетпіс бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға екеп соғады.

«Ақтөбе облысының жер ресурстарын басқару департаменті» ММ

Ақтөбе қаласы, 101 атқаштар бригадасы 2,5 этаж тел.90-80-74

ПРЕДУПРЕЖДЕН – ЗНАЧИТ ЗАЩИЩЕН! САМОВОЛЬНОЕ ЗАНЯТИЕ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА

Самовольное занятие земельного участка – занятие чужого земельного участка без разрешения собственника земельного участка или землепользователя, а также занятия земельного участка, находящегося в государственной собственности и не предоставленного в землепользование, без соответствующего решения Правительства Республики Казахстан или местного исполнительного органа – одно из правонарушений в сфере земельного законодательства (п 27 ст.12 Земельного кодекса РК)

В соответствии со статьей 136 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан (Нарушение права государственной собственности на землю), незаконное занятие или обмен государственных земельных участков либо совершение других сделок, в прямой или косвенной форме нарушающих право государственной собственности на землю, а также несвоевременной возврат временно занимаемых государственных земель влекут штраф на физических лиц в размере семидесяти пяти, на должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческой организации- в размере ста, на субъектов среднего предпринимательства – в размере ста пятидесяти, на субъектов крупного предпринимательства – в размере семисот месячных расчетных показателей.

ГУ «Департамент по управлению земельными ресурсами Актобинской области» г. Актобе 101 стрелковой бригады 2,5 этаж тел. 90-80-74

ЖАТ АҒЫМДАР ЖАРЫЛҚАМАЙДЫ

Қазіргі қоғамды жауар күндей күрпәреткен, томаға тұйық тон терісін аумағында халыққа елің ғана емес, бүкіл өлемді дүркіреткен пиғылы жат теріс ағымдар дүниежүзілік проблемаға айналып отыр. Исламға күйе жағып дін атын жамылғандар ислам десе зәресі зәр түбіне жетіп, шошылып қарайтын күйге түскені жасырын емес.

3 - Ұзын өрі күтімсіз сақал өсіру, бұл қудайдан қорыққандықтан-мыс. Олар сақал қоюды үжәіп санайды. Тыстық қатынастарға байланысты: 1 - Ата-аналары дайындаған тамақтан, олар намаз оқымай дайындады деп, бас тартып қарсыласады.

4 - Басқа туыстарымен араласқан кезде, өздерінің Ислам туралы жеке түсінігін тықпалайды және олардың ойынша «мешіттерде сауатсыз имамдар отырғандықтан» тек қана өздерінің үләнәбилікті дәріптеуісі ұстаздарын тыңдауды талап етеді.

«Жат ниетті ағым бұқара халықты сонау ата-бабадан жалғасып келе жатқан дінінен үркітіп-шошыту мақсатында түрлі айла-шарықтарын жасауда. Мәселен, исламның атын жамылған уаһһабилер, құраниттер, ахмадияшылар, хизбутшылар, текфишілер секілді ағымдар ашық та, жасырын да ел ішінде теріс бағытта қызмет жасауда.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Фазилұлы, аудандық мәслихат хатшысы	Сәуір – 6, 13, 20, 27 күндері Мамыр – 4, 11, 18, 25 күндері Маусым – 8, 15, 22, 29 күндері Уақыты: сағ. - 10:00 ден - 12:00 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-13-70

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ СӘУЛЕТ, ҚҰРЫЛЫС, ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы, бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні Уақыты: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін.	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы өкімдігінің ғимараты, I-қабат	8(71332) 2-12-00

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2-12-00 сенім телефонына хабарласуға болады.

ЕНДІ МҮГЕДЕКТЕРДІҢ ӨТІНІМДЕРІ ОЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫНСЫЗ ҚАРАЛАДЫ



Қазіргі кезде мүгедектікті белгілеу бойынша 11 мыңнан астам өтінім сырттай форматта ресімделді.

аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен бірлесіп, Қазақстанның 17 өңірінде медицина-лық-өлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы жобасын іске қостық.

ҚАЗАҚСТАҢДА АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ МӨЛШЕРІ 3 180 ТЕҢГЕ БОЛАДЫ

Мұндай түзету «2022- 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасында көзделген.

базалық өлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 37 389 теңге болып белгіленген.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫ БЕКІТІЛДІ

Мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі және қызметтік әдеп мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

далары мен Әдеп жөніндегі кеңестер туралы ережеге өзгерістер енгізілді. Тәртіптік жаза қолдану қағидаларында қызметтік тергеу-тексеру, тәртіптік комиссия материалдарын қарау тәртібі және тәртіптік комиссияның ұсынымы бойынша уәкілетті адамның шешім қабылдау мерзімдері нақтыланды.

УТВЕРЖДЕНА НОВАЯ РЕДАКЦИЯ ЭТИЧЕСКОГО КОДЕКСА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

В целях совершенствования законодательства по вопросам наложения дисциплинарного взыскания и служебной этики государственных служащих Указом Президента Республики Казахстан 22 февраля 2022 года утверждена новая редакция Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан.

Кроме того, внесены изменения в Правила наложения дисциплинарного взыскания на государственных служащих Положением о Советах по этике. В Правилах наложения дисциплинарного взыскания уточнены порядок проведения служебного расследования, рассмотрения материалов дискониссии и сроки принятия решения уполномоченным лицом по рекомендационной комиссии.

КӨКТЕМГІ ҚАУІП - ҚОҚЫСТЫ ӨРТЕУ!



Көктемгі-жазғы кезең басталады, оны кез-келген жастағы әр адам үлкен қуанышпен және үмітпен алдағы демалысты күтеді, демалыс және мереке күндері табиғатта демалуды, сонымен қатар жеке учаскелерінде, саяжайларда, үйлерде белгілі бір жұмыс жүргізуді жоспарлайды.

Өр құрылымға су құйылған контейнер орнатыңыз. ғимараттардың шатырға жететін бүйір баспадақтары, ал шатырда шатырдың жотасына жететін баспадақ болуы керек; ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 метр қашықтықта орналасқан жерлерде от жағуға, қоқыс жағуға тыйым салынады;

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі!

УЛАНУ ДЕГЕН НЕ?



Көктем, жазайларында тамақтан улану жиі тіркеледі. Тамақтан, яғни астан улану – тағам арқылы берілетін этиологиясы сан алуан кеселдер тобына жатады. Тамақтан улану – табиғаты микробты және микробсыз болып табылатын пайда болатын, қарым-қатынас арқылы жұқпайтын ауру.

жеке гигиена ережелерін сақтау; қолды жиі жуу, өсіресе қоғамдық орындар мен деретханаға абарғаннан кейін; тамақ дайындау кезінде бір рет қолданылатын резеңке қолғапты қолдануға болады; ас үй ыдысын, плитаны, үстелдің бетін, раковинаны, тақтайшаларды арнайы құралдармен жуу және таза ұстау;

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Tabys Operating» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 01 маусымда сағат 10.00-де Ойыл ауданы, Көптоғай ауылы, Достық көшесі 9, (өкімдік ғимараты) мекен-жайында хабар-лайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында https://ecorportal.kz танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ https://ecorportal.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабыл-данады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «TabysOperating», в соответствии с требованиями Экологического кодекс-са РК, сообщает, что в 10 час 00 мин. 01 июня 2022 года, по адресу Уилский район с Коптогай, ул. Достык 9, (здание акимата).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecorportal.kz. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения обществен-ных слушаний на Едином экологическом портале https://ecorportal.kz.

ӘНУАР ӨТЕГЕН-ТАНА

6 сәуір күні жерлесіміз, белгілі суретші Әнуар Өтеген-Тана Жұмағалиұлы 80 жасқа таяған шағында дүниеден өтті. Ол 1942 жылы шілде айының 20 жұлдызында Ақтөбе облысының Ойыл мекенінде дүниеге келді.



ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы Алтынбек Алдиярұлы Сисенов (18.04.1960 ж – 07.02.2012 ж)

Жігіт ең шаңыраққа болған пана. Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсың бүгін ортамызда. Достарың алпыс жасқа толғанда да. Өүлеттің бөйтерегі, тірегі едің.



Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы аудандық балалар кітапханасының аға кітапханашысы Қаплиева Гүлұлымға апасы

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұжымы музей жанашыры, график суретшісі, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі

Әнуар Өтеген-Тананың кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасына, жақындарына, ағайын-жеқаттарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 дана. Тапсырыс №446 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің Баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

